
	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 1
		Редакция 2	

«Қазақстан» РТРК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2017 ж. «05» мамыр
шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

№ 2 хаттама

«Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы»
акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі туралы
ЕРЕЖЕ

Бұл құжат «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ-ның меншігі болып табылады. Құжатты көбейтуге және таратуға тыйым салынады.

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 2
		Редакция 2	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ішкі аудит қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) мәртебесін, міндеттерін, функцияларын, құқықтарын, жауаптылығын, Қызметтің құрылымы мен оның қызметкерлерінің біліктілігіне, Қызмет қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақысының мөлшеріне және төлеу шарттарына, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қызмет басшысының өкілеттіктерін және Қызметтің «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) атқарушы органы – Директорлар кеңесімен және өзге де ұйымдармен өзара әрекеттесу тәртібін анықтайды.

1.1. Қызметтің штат саны (сандық құрамы) мен штат кестесін Қоғамның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) бекітеді және Қоғамның штат кестесіне қосады.

1.2. Қызметті басшы басқарады. Қызметтің өкілеттіктер мерзімін, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуды, Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақысының мөлшерін және төлеу шарттарын Директорлар кеңесі анықтайды.

1.3. Қызмет қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақылық төлемдер Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.


1.4. Қызмет басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шартын Директорлар кеңесі шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Қоғам Басқармасының Төрағасы жасайды.

1.5. Қызмет басшысының және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауаптылығы осы Ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен, еңбек шарттарымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

1.6. Қызмет өз қызметін жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысы мен органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Сондай-ақ, Қызметтің қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына негізделеді.

2. ҚЫЗМЕТ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қызмет Қоғамдағы ішкі аудиттің ұйымдастырылуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін Қоғамның Директорлар кеңесіне тікелей

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казахстан»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»	Листов 11	Лист 3
		Редакция 2	

бағынысты және есеп беретін Қоғамның органы болып табылады да Қоғамның ішкі бақылау жүйесіне тұрақты мониторингті жүзеге асырады. Қызметтің қызметіне жетекшілік етуді ол болған кезде Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Аудит жөніндегі комитет) немесе тікелей Директорлар кеңесінің Төрағасы жүзеге асырады.

2.2. Қызмет оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде оларды тиісінше орындау және объективті әрі бейтарап пікірлерді қамтамасыз ету мақсатында қандай болмасын тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс.

2.3. Қызмет Қоғамның барлық басқарушылық функцияларынан тәуелсіз болуы тиіс. Қызмет өз ұйымдық мәртебесі және функционалдық деңгейі бойынша Қоғамның Басқармасынан тәуелсіз болып табылады.

2.4. Өз функцияларын орындау процесінде объективтік және бейтараптылық қағидаттарын сақтау мақсатында Қызмет қызметкерлері олар кейіннен ішкі аудитке ұшырауы мүмкін және аудитке ұшырайтын кезең ішінде олар жүзеге асырған аудит қызметімен немесе функцияларымен шұғылданған қызметтің қандай да болсын түрлеріне тартылмауы тиіс.

2.5. Қызметтің қызметін бағалауды ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет ұсынымдарының негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі немесе тікелей Директорлар кеңесінің Төрағасы жүргізеді.

2.6. Қызметтің қызметкерлеріне, олар Қызметтің мәртебесіне, Қоғамның Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылуы мүмкін емес құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

3. МИССИЯ ЖӘНЕ МАҚСАТТАР


3.1. Қызмет миссиясы Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына олардың Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттерін орындауда қажетті жәрдемдесу болып табылады.

3.2. Қызмет қызметінің негізгі мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелік әдісті енгізу арқылы Қоғамның тиімді басқарылуын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз әрі объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.

4. МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАР

4.1. Қызметтің негізгі міндеттері болып мыналар табылады:


- 1) ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 4
Редакция 2			

- 2) тәуекелдердә басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- 3) бухгалтерлік есеп жүйесінің шынайылығын, толықтығы мен объективтілігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;
- 4) Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын бағалау және осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің барабарлығын (комплаенс-бақылау) бағалау;
- 5) Қоғамның ресурстарды пайдалануының және Қоғам мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын әдістердің (тәсілдердің) ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;
- 6) Қоғамдағы корпоративтік басқару процесін жетілдіруді бағалау.

4.2. Қызмет оған жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіпте мынадай функцияларды орындайды:

- 1) проводит оценку полноты применения и эффективности методологии оценки рисков и процедур управления рисками в Қоғамда;
- 2) Қоғамда ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін тексеріс жүргізеді;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауына, сондай-ақ уәкілетті және қадағалаушы органдардың нұсқауларын, Қоғам органдарының шешімдерін орындауына тексеріс жүргізеді және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалайды;
- 4) Қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес олардың алдында қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Қоғамның бөлімшелері қолданатын шаралардың барабарлығына тексеріс жүргізеді;
- 5) Қоғамда корпоративтік басқару бойынша қабылданған қағидаттарды, тиісті әдеп стандарттары мен құндылықтарды енгізуге және сақтауына тексеріс жүргізеді;
- 6) тиісті органдар мен Қоғамның бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша ақпаратты алуының тиімділігіне тексеріс жүргізеді;
- 7) Қоғам бөлімшелерінің сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асырады;
- 8) белгіленген тәртіпте берілген Қызметтің аудиторлық ұсынымдарын орындауына кейінгі бақылауды жүзеге асырады;
- 9) Директорлар кеңесіне, ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитетке, Қоғамның Басқармасы мен еншілес ұйымдарына, ішкі бақылауды ұйымдастыру және жетілдіру, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару мен ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша (осы салалардағы ішкі нормативтік құжаттар мен жобаларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда),

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 5
Редакция 2			

сондай-ақ Қызметқұзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша консультация береді;

10) корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты Қоғамның ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысады;

11) сыртқы аудитор жүргізетін Қоғамның аудитіне қатысады;

12) Қоғамның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы консультация беру бойынша қызмет көрсететін тұлғалармен қызметтің үйлестірілуін жүзеге асырады;

13) белгіленген тәртіптің шегінде еншілес ұйымдарға ішкі аудитті жүргізеді;

14) Қоғам Басқармасының мүшелері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың инсайдерлік ақпарат пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ережелерін сақтауына, әдеп талаптарын сақтауына тексеріс жүргізеді;

15) Қызметке оның құзыретінің шеңберінде жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

5.1. Қызметбасшысында мыналар болуы тиіс:

1) жоғары кәсіби (қаржы-экономикалық) білім және қосымша арнайы дайындық;

2) аудит, және/немесе бухгалтерлік есеп, және/немесе қаржы саласында жұмыс тәжірибесі – 7 жылдан кем емес;


3) басшылық лауазымдағы жұмыс тәжірибесі – 3 жылдан кем емес;

4) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын білуі;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық слу мәселелері бойынша актілерді білуі.

Қоғам Қызметінің басшысына қосымша арнайы дайындық бөлігінде мынадай минималды талаптар қойылады:

«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған «аудитор» деген біліктілік куәліктің, және/немесе ішкі аудит саласындағы CIA сертификатының (Certified Internal Auditor), және/немесе IFA-дан ішкі аудитор сертификатының және дипломының (International Institute of Auditing and Management), және/немесе АССА алқаби бухгалтері сертификатының (Association of Certified Chartered Accountants), және/немесе Қаз

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казахстан»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»	Листов 11	Лист 6
		Редакция 2	

ақстан Республикасының уәкілетті органы аккредиттеген сертификаттау жөніндегі ұйым берген кәсіби бухгалтерсертификатының міндетті түрде болуы. Сондай-ақ мемлекеттік және шетел тілін (дерін) меңгеруі басымды.

5.2. Қызмет қызметкерінде мыналар болуы тиіс:


- 1) экономика және қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит, және/немесе ақпараттық технологиялар, және/немесе техникалық сала, және/немесе заң саласындағы жоғары кәсіби білім;
- 2) аудит, және/немесе бухгалтерлік есеп, және/немесе қаржы, және/немесе ақпараттық технологиялар, және/немесе техникалық сала, және/немесе заң саласындағы жұмыс тәжірибесі – 3 жылдан кем емес;
- 3) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын білуі;
- 4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және салық салу мәселелері бойынша актілерді білуі.

Сондай-ақ **CAP** бухгалтер-практик сертификатының (Certified Accounting Practitioner) және/немесе Қазақстан Республикасының уәкілетті органы аккредиттеген сертификаттау жөніндегі ұйым берген кәсіби бухгалтерсертификатының және/немесе аудит және/немесе есеп және қаржылық менеджмент саласындағы біліктіліктің бар болуы басымды, мемлекеттік және шет тілдерін білуі.

6. ҚЫЗМЕТ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6.1. Қызмет өз негізгі міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіпте мыналарға:

- 1) ішкі аудитке байланысты сұратылатын барлық құжаттама мен кез келген басқа да ақпаратқа, оның ішінде Қоғамның коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізуге;
- 2) жүйелі негізде пассивтік режимде, яғни кіру және түзету құқығынсыз есептік деректердің ақпараттық базасына (бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламаларына және т.с.) қол жеткізуге;
- 3) материалдарды, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен, Басқармамен бекітуге шығарылатын құжаттардың жобаларын сұратуға және алуға және Қоғамның аталған органдарының барлық бұйрықтарын/хаттамаларын алуға;
- 4) Қызмет аудиторлық бағдарламаны орындаған кезде және Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша жекелеген

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казахстан»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»	Листов 11	Лист 7
Редакция 2			

тапсырмаларды орындаған кезде қажет болған жағдайда Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың мамандарын тартуға;

5) қажет болған жағдайда Қоғамның акционерлеріне және Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша консультациялар беруге;

6) Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына ішкі аудит рәсімдерін жетілдіру, Қоғамның бақылау жүйесі мен басқарушылық саясатын жақсарту бойынша ұсынымдар беруге, сондай-ақ осы Ережеде анықталғандай ІАҚ-ның құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша комментарийлер беруге;

7) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қызметтің жұмыс тәртібін, қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақысының мөлшері мен төлеу шарттарына қыңдау, Қызметтің ұйымдық-техникалық қамтамасыз етілуі бойынша ұсынымдар беруге;

8) Қызмет қызметінің бағыттары бойынша Қоғамның бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға;

9) Қоғамның қызметкерлерін оқытуға, қайта даярлауға, біліктіліктерін арттыруға бағытталған бағдарламаларға және ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына қарама-қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.


7. ҚЫЗМЕТ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

7.1. Қызмет оған жүктелген функциялар мен міндеттердің уақыттылы және сапалы орындалуына жауаптылықты көтереді.

7.2. Қызмет басшысы белгіленген тәртіпте осы Ережеге, Қазақстан Республикасының заңнамасына, еңбек шартына, мен Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Қызметке жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуының уақыттылығы мен сапасына дербес жауаптылықта болады.

7.3. Қызмет қызметкерлері белгіленген тәртіпте лауазымдық нұсқаулықтарына (осы Ережеге 1 және 2-қосымшалары), еңбек шарттары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүктелген функциялардың орындалуының уақыттылығы мен сапасына дербес жауаптылықта болады.

8. ҚЫЗМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казахстан»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»	Листов 11	Лист 8
		Редакция 2	


8.1. Қызметбасшысының лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауаптылығы лауазымдық нұсқаулықпен белгіленеді. Қызметбасшысының өкілеттіктеріне міндетті түрде мыналар кіреді:

- 1) Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарының жасалуын және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз ету;
- 2) Қоғамның ішкі құжаттарының және қарсы аудит бойынша әдістемелік ұсынымдар мен Қызмет қызметіне қатысты басқа да құжаттардың әзірленуін қамтамасыз ету;
- 3) Қызмет қызметінде ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының қолданылуын қамтамасыз ету;
- 4) Қызмет қызметі туралы есептердің Директорлар кеңесіне және ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитетке ұсынылуын қамтамасыз ету;
- 5) Қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігіне мерзімдік бағалау жүргізу;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесіне сандық құрамды, Қызметтің өкілеттіктер мерзімін анықтау, Қызмет қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақысының мөлшері және төлеу шарттары, Қызметті ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу;
- 7) тренингтердің құрылымданған бағдарламасына сәйкес Қызмет қызметкерлерінің кәсіби дайындығының деңгейін арттыруды қамтамасыз ету;
- 8) мүдделер қақтығысын болдырмау, сондай-ақ жұмыс тәжірибесін алмасуды қамтамасыз ету үшін мерзімдік немесе қажетіне орай Қызмет қызметкерлерінің міндеттеріне ротация жүргізу;
- 9) Қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарын шақыруға бастама жасау;
- 10) Қызмет құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

9. ЖАЗА ҚОЛДАНУ

9.1. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін, жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне белгіленген тәртіпте тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

9.2. Қызметтің басшысы мен қызметкерлерінің материалдық жауаптылығы және олар келтірген зиянды өтеу тәртібі (ондай болған жағдайда), сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 9
		Редакция 2	

10. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ АҚПАРАТ ҰСЫНУ

10.1. Қызмет Директорлар кеңесіне ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитетпен алдын ала келісілген Қызметтің қызметі туралы есепті мына мерзімдерде ұсынады:

- 1) тоқсандық – есептік тоқсаннан кейінгі айдың 25 күніне;
- 2) жылдық – есептік жылдан кейінгі екінші айдың 15 күніне.

Директорлар кеңесінің немесе ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет төрағасының сұрауы бойынша Қызметбасшысы Қызметтің қызметі туралы қысқаша ай сайынғы есеп береді.

10.2. Қызмет аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша құрастырған және Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) көрсететін есептер Қоғамның Директорлар кеңесіне олар айқындалғаннан кейін бірден ұсынылуы керек.


10.3. Қызмет басшысы Директорлар кеңесіне және ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитетке ұсынылатын ақпараттың оның толықтығы мен дәлдігі бойынша талдауды қамтамасыз етуге тиіс.

10.4. Қызметтің қызметі туралы есеп мыналарды:

- 1) осы ұсынымдардың негізінде қабылданған берілген ұсынымдар мен шараларды көрсете отырып (қажет болған жағдайда тиісті материалдарды қоса беріп), Қызметтің аудиторлық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша қысқаша қорытындыларды;
- 2) Қызмет есептік кезеңде жүргізген басқа да іс-шаралар (жұмыс) туралы ақпаратты (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалардың және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарына жүргізілген мониторингтің, өзіндік ұсынымдардың нәтижелері, тренингтерге қатысу туралы ақпарат және т.б.);
- 3) аудиттің қойылған мақсаттары мен масштабына қатысты аудиторлық қызмет нәтижелері бойынша қорытындыны, аудиторлық қызметтің есептік кезең үшін жинақтаушы нәтижелерін қамтуы тиіс.

10.5. Қоғамның Директорлар кеңесі Қызметтің қызметі туралы есептерді қарайды және Директорлар кеңесінің белгіленген жұмыс регламентіне сәйкес шешімдерді қабылдайды.

10.6. Қызметбасшысы Қоғамның Директорлар кеңесін жүйелі түрде Қоғамның Басқармасы Төрағасының басқа да бақылаушы және басқарушы функцияларды үйлестіру мен қадағалауды жүзеге асыруына қатысты ақпаратпен қамтамасыз етуі тиіс (риск-менеджмент, ішкі бақылау, қауіпсіздік, алаяқтық, бизнестің үзіліссіздігі, сыртқы аудит және т.б.).

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казахстан»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»	Листов 11	Лист 10
		Редакция 2	

11. ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

11.1. Қызметтің Басқарма Төрағасымен және Қоғамның Басқармасымен қарым-қатынастары Қызметтің объективтілігіне ешкім ықпал ете алмайтынын түспалдайтын тәуелсіздік қағидатын негізге ала отырып, құрылуы тиіс.

11.2. Қызмет өз қызметінің нәтижелері бойынша Басқарма Төрағасына және/немесе Қоғамның Басқармасына Қоғамның түрлі деңгейдегі менеджменті қабылдаған қабылданған басқарушылық шешімдердің орындалу сапасына бағаны ұсынады.

11.3. Қоғам Басқармасымен өзара әрекеттесу шеңберінде Қызмет:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды ақпарат ретінде ұсынады;
- 2) барлық аудиторлық есептердің нәтижелері туралы ақпараттандырады.

11.4. Қоғам Басқармасы мыналарды:

- 1) Қоғамда тиімді бақылау ортасының құрылуына ықпал етуге;
- 2) белгіленген тәртіпте Қоғамның бюджетіне ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитет мақұлдаған бейінді тақырыптар мен бағдарламалар бойынша оқытуға және тренингтерге байланысты шығындардың енгізілуін қамтамасыз етуге;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіпте ішкі аудиттің кез келген қызметі үшін аутсорсингтің/косорсингтің пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- 4) Қызметке әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қолдауды қамтамасыз етуге тиіс.


11.5. Қызметтің қызметіне араласуға жол берілмейді (мысалы, аудит бағдарламасына, жұмыстарды жүргізудің масштабы мен мерзімдеріне және т.б.).

12. ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

12.1. Қызметтің, оның басшысы мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Ішкі аудит қызметінің есептерін, есептердің стандарттардың талаптарына және Ішкі аудит қызметінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін бағалауды қараудың негізінде Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Ережеге деген өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен ол болған жағдайда Аудит жөніндегі комитеттің

	Акционерное общество «Республиканская Телерадиокорпорация «Казakhstan»		
Номер документа _____	Положение о службе внутреннего аудита Акционерного Қоғамның «Республиканская телерадиокорпорация «Казakhstan»	Листов 11	Лист 11
		Редакция 2	

ұсынымы бойынша және/немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) бастамасы бойынша енгізілуі мүмкін.